

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар, мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 30 қараша N 1203

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар, бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1992 жылғы 3 желтоқсандағы N 13-18/И-1019, 1993 жылғы 19 мамырдағы N 26-15/136, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 26-15/8347, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф 22-3/5, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1-Г/3-96, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 13, 1996 жылғы 20 қарашадағы N 0000019 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне және 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқыэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералды Қаржы министрлігінің арасындағы Келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін мерзімі өткен және алдағы төлемдерді (1,2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Несие беру, оның өтелуін шегеріп тастау" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына , с о т т а р ғ а б е р с і н .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде заңдарда белгіленген тәртіппен шаралар қолдансын.

3. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамына бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізу ұ с ы н ы л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Қазақстан Эксимбанкі"

жабық акционерлік қоғамы қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты қолданылған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
30 қарашадағы
N 1203 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар, мемлекеттік
емес сыртқы заемдар бойынша мерзімі өткен төлемдердің
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валю- тасы	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Германия несие желісі						
Прибор- Алматроникс	DM	26.06.98	1 382.80	0.00	0.00	1 382.80
Тұран-Агро	DM	26.06.98	2 864.99	0.00	0.00	2 864.99
"Тепло- прибор" АҚ	DM	26.06.98	9 884.04	0.00	0.00	9 884.04

Франция несие желісі

"Батыс" АҚ	FRF	05.10.98	2 194 959.73	0.00	2 194 959.73	0.00
Барлығы	DM		14 131.83	0.00	0.00	14 131.83
	FRF		2 194 959.73	0.00	2 194 959.73	0.00

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы

30 қарашадағы

N 1203 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар, мемлекеттік емес
сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі алдағы төлемдердің
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш тер	Про- цент-	Басқа- лары

Австрия несие желісі

"Фосфор" АҚ	USD	22.11.98	532 192.21	532 192.21	0.00	0.00

Канада несие желісі

"Конденсат"	USD	15.11.98	1 839 279.52	1 291 666.67	547 612.85	0.00
-------------	-----	----------	--------------	--------------	------------	------

АБК						
-----	--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--	--

Жапония несие желісі

Қарметком-	JPY	03.11.98	186 981.00	0.00	186 981.00	0.00
------------	-----	----------	------------	------	------------	------

бинат						
-------	--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--	--

Израиль несие желісі

"Конденсат"	USD	01.11.98	1 286 260.94	962 500.00	323 760.94	0.00
-------------	-----	----------	--------------	------------	------------	------

АБҚ						
-----	--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--	--

Барлығы	JPY		186 981.00	0.00	186 981.00	0.00
---------	-----	--	------------	------	------------	------

--	--	--	--	--	--	--

	USD		3 657 732.67	2 786 358.88	871 373.79	0.00
--	-----	--	--------------	--------------	------------	------

--	--	--	--	--	--	--